



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

№3 (25 179) 10 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• КӨКЕЙКЕСТІ

«Жол жаққа қараймын...»

«Жол мұраты – жету» десек, бүгінде жолаушы мұраты – вокзалдан мезгілімен кету боп тұр. Өйткені, келер уақытынан кешіккен пойыз қыстың көзі қырауда жолға шыққандарды титықта-тып келеді. Сапардағы жолаушының ғаріптігін кейінде пойыз атаулы жиірек еске салып жүр. Себебі, жаңа жылдың алдында отарба жүрісінен жаңыла бастаған-ды. Алайда, жыл туған соң да оңалып кете қоймады. Басында 1-2 сағат кешіккен пойыздар. Келе-келе 4-5 сағаттап жолаушыны қаңтарып қоятын жаман гадет тапты. Пойыз күткен екі көзі төрт жолаушыдан бүгінде шағым да аз емес. Бұған дейін «Қазақстан темір жолы» АҚ бір-неше рет мәлімдеме жасады. Алғашында «Ұлттық тасымалдаушы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін теміржол учаскелерінде қозғалыс жылдамдығына шектеу қойды» деді. Одан соң «Ауа райының қолайсыздығынан» десті. Ұлттық компания пойыздардың қозғалыс кестесін қалпына келтіру үшін қажетті шаралар қабылданып жатқанын және қадап айтты. Дегенмен, жолынан қалған жолаушыны бұл мәлімдеменің ешқайсысы сабырға шақыра алмай тұр...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін БАҚ атаулы жолаушылардың «Қазақстан темір жолының» қызметіне, пойыз кешігуіне наразылықтарын мәлімдегені аян. Қаңтардың алғашқы жұлдызынан бастап, 6-сына дейін пойыз кешігуінің себебін ҚТЖ былай деп мәлімдейді...
«Ұлттық тасымалдаушы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін теміржол учаскелерінде қозғалыс жылдамдығына шектеу қойды. Вокзалдарда пойыздардың кешігетіні аян. Ақпарат 1433 анықтама қызметі арқылы тәулік бойы беріледі. Егер пойыз 3 сағаттан артық кешіксе, жолаушыларға SMS хабарлама жіберіледі.



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

2-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Электронды төлемнің пайдасын ел көреді

ONAY!-дың өрісі кеңейеді. Ол енді қалаішілік қоғамдық көліктерде ғана емес, 107, 146, 121, 122 сынды автобустарда да қолданылады. Облыс орталығына жақын орналасқан қалалар мен Қарағанды арасындағы жеті бағыттағы қоғамдық көлік бағасы арзандайды. Бұл ай сайын Теміртау, Шахтинск, Абай, Топар, Саран мен Шаханға қатынайтын 500 мың адам үшін жағымды өзгеріс болғалы тұр. Мұндай жаңалықты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жеткізді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Аймақ басшысының айтуынша, ONAY! электрондық жүйесі тиімділігін көрсетуде.

– Бүгінгі таңда төлемдердің 96%-ы электронды түрде өтеді. Енді, оны қалааралық автобустарда, атап айтқанда серіктес қалаларға баратын бағытқа енгізу жол жүру құнын екі еседей төмендетуге мүмкіндік береді. Айырмашылық айтарлықтай, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қала маңындағы маршруттарда электрондық билеттеу жүйесі енгізілгеннен кейін жүру құны 80 теңге болмақ. Ол үшін жол ақысын QR, көлік коды немесе SMS көмегімен немесе «Бірыңғай», Virtual, «Әлеуметтік», «Зейнеткер» карталарының бірімен төлеу қажет. Сонымен бірге, «7-15 жастағы балалар» картасымен жол жүру құны 40 теңге болмақ. Бір айта кетерлігі, ONAY! көлік карталарын Қарағанды ішіндегі қоғамдық көліктерде де қолдануға болады.

Қазір Қарағанды-Шахтинск автобустарында жол

жүру құны – 190 теңге, Қарағанды-Топар – 180 теңге, Қарағанды-Теміртау – 150 теңге, Қарағанды-Саран – 95 теңге, Қарағанды-Абай – 170 теңге, Қарағанды-Шахан – 175 теңге. Жолаушылар ONAY!-сыз осы бағаны төлейтінін де ескерткен жөн. Сондықтан, облыс әкімі электрондық төлем жасаудың тиімділігін түсіндіруді тапсырды.

– Жолаушылар көлігі басқармасына жақын арада автобустарда жүйені монтаждау жұмыстарын жүргізуді, серіктес қалалардың тұрғындары үшін ONAY! карталарын сатып алу мүмкіндігін қамтамасыз етуді тапсырамын. Дүрбелең туғызбай, жол ақысын электрондық төлеудің артықшылықтары жайлы ақпараттық қолдау көрсетіңіздер, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс орталығына жақын орналасқан қалаларға жүретін қоғамдық көлікті жаңарту жұмысы жалғасын таппақ. Биыл №3 автобус паркі QazTehna зауытынан сұдай жаңа 25 автобус сатып алуды жоспарлап отыр.

• ҚҰҚЫҚ

Балағаттасаң – айыппұл арқалайсың

Қоғамдық жерде балағат сөз айтсаңыз жазасыз қалмайсыз. Яғни, ұсақ бұзақылық үшін де жаза күшейтілді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде ұсақ бұзақылық үшін соттың шешімімен бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді немесе 15 тәулікке қамауға алу жазасы қолданылады.

– Жаңа өзгерістер бойынша айыппұл көрсеткіші 20 (69 000 теңге) айлық есептік көрсеткішке өсті. Әрі қамау мерзімі де бес тәуліктен 30 тәулікке дейін ұзартылды, – делі Ішкі Істер Министрлігі Әкімшілік полиция комитеті басқарма бастығының міндетін атқарушы Азамат Құрымбаев министрліктің апталық брифингінде.

Аталмыш өзгерістер наурыздың басында күшіне енеді. Жаңа өзгерістер бойынша ұсақ бұзақылыққа қоғамдық жерде балағат сөз айту, адамдардың мазасын алу, ғимараттарды және басқа да құрылыс нысандарын, қоғамдық орындарды, тұрғын үйлерді, көліктегі мүлікті қорлау және басқа да қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекеттер кіреді.

Қазірдің өзінде бұл өзгеріс әлеуметтік желіде қызу талқыланып жатыр. Желі қолданушылардың дені Заңға енгізілген өзгерістің дұрыс шешім екендігін айтады. Қалай болғанда да, бұл шешім тұтас қоғамды мәдениеттілікке бастайтын батыл қадам болып отыр.

• ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

Көркемсурет мектебінен – ЮНЕСКО клубына

Шахтинск қаласындағы көркемсурет мектебі 1989 жылы сол кездегі Пионерлер үйінде ашылған болатын. Оған 2015 жылдың 16 ақпанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен жерлесіміз, Қазақстанның халық суретшісі Әубәкір Ысмайыловтың аты берілген. 2018 жылы күрделі жөндеуден өткен төрт қабатты ғимаратқа орналасты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



4-бет

• ӨЗЕКТІ

Көлігіңіз тіркелген бе?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Салық кодексіне өзгеріс енгізу туралы заңға қол қойды. Соның ішінде шетелдік көліктерді жеңілдетілген тәртіппен тіркеуге арналған түзету де бар, деп хабарлады Ақорда.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 495.57

•USD/KZT 460.73

•RUB/KZT 6.55

•CNY/KZT 64.84

• СЕНАТ САЙЛАУЫ

Сенаторларды мәслихат депутаттары таңдайды

Биылғы басты саяси оқиғалардың бірі – ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау болмақ. Бұл – Президент тапсырмасына орай былтырдан қолға алынған елдің болашағы үшін маңызды қадам. Сайлау жүйесіндегі өзгерістер «Жаңа Қазақстанды» құруда өз ықпалын тигізері және даусыз. Аталған саяси реформаның игілігін халық немесе бұқара көп кешікпей сезінуі тиіс. Ол үшін, әлбетте, сайлаудың әділдігі қажет.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Парламенттің жоғарғы палатасына депутат сайлау – сайлау процесінің кезекті маңызды қадамы. Ол былтыр 7 маусымда өткен жалпыхалықтық референдумда белгіленген болатын. Яғни, референдум мемлекеттік басқарудың жаңа форматының негізін қалады. Егер бұған дейін жоғарғы палатаның 15 депутатын Президент өзі тағайындайтын болса, енді олардың саны онға дейін азаяды.

Сондай-ақ, тағайындалатын он сенатордың бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынатын болды. Аталған өзгеріс саяси жүйенің негізгі элементтерінің бірі – «Ықпалды Парламентті» шоғырландыруға қызмет етпек.

Сенат депутаттарын жанама сайлау құқығы негізінде мәслихат депутаттары жасырын дауыс беру арқылы сайалайды. Депутаттардың өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Қарағанды қаласының медициналық университеті ректорының кеңесшісі, облыстық ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының жетекшісі Вилен Молотов-Лучанский ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы – референдумда Конституцияға енгізілген сайлау процесі мен электралды кезеңге енгізілген өзгерістердің жүзеге асуы

гізілген норма халықаралық құқық нормаларына, «ҚР Сайлау туралы» Заңға сәйкес. Сенаторлар Парламенттің жоғарғы палатасын білдіретінін ескерсек, сайлау барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан сенат депутаттығына ең лайықтылары ұсынылатынын айту керек. Жоғары билік органдарында ҚХА өкілеттілігін сақтау өте маңызды. Бұл өз кезегінде ҚХА беделін нығайтып, қоғам игілігі жолында жұмыс істеп жүргендерді қоғамға танытуға ықпал етпек, – дейді Вилен Молотов-Лучанский.

Жалпы, Вилен Борисович Сенат депутаттарын сайлау халқымыздың демократиялық таңдау жасаудағы маңызды саяси бөлік екенін де айтады. Яғни, «Бірте-бірте барлық процестердің ашықтығы мен әділдігіне қол жеткіземіз» дейді ол.

Реформаның екінші кезеңі келесі электоралды кезеңнен басталады. Вилен Молотов-Лучанский бұл прогрессивті әрі заң тұрғысынан дұрыс жүзеге асырылған дейді. Яғни, «Әділетті Қазақстан» идеясымен біте қайнасқан.

Сарапшы алдағы Сенат депутаттарының сайлауында байқаушылардың болуы әрі қорытындысы барлық ақпарат құралдарында жариялануының өзі біздің демократиялық қоғамға бет бұрғанымыздың айқын көрінісі екенін де айтып отыр.

• БРИФИНГ

«Банкроттық» босаңсытпайды

Елімізде «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Заңға қол қойылды. Заңның жүзеге асу барысы туралы облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қарағанды облысы бойынша кірістер департаментінің басшысы Әнуар Мәдиев егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.



Сағынұш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл заңды іске асырудағы негізгі мақсат – азаматтардың борыштық жүктемесін азайту, өнімді экономикалық қызметке оралу, қарыздар бойынша нәтижелерді ынталандыру. Десе де, банкроттық рәсімделгеннен кейін бірқатар шектеулер енгізілетінін де ескеру қажет.

– Заң жобасында банкроттық рәсімнің үш түрі енгізілді. Яғни соттан тыс, сот арқылы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Бұл процедураны борышкерлердің өздері бастайды, несие берушінің борышкерді банкрот деп жариялауға құқығы жоқ. Заң ресми жарияланғаннан кейін 60 күннен кейін күшіне енеді. Яғни, наурыз айынан бастап қолданысқа енеді, – дейді департамент басшысы Әнуар Маратұлы.

Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, облыста 66 мыңнан астам тұлға банкроттық рәсіміне ілігуі тиіс.

Заң жүзеге асқанда қолданылатын бірінші рәсім – соттан тыс банкроттықты азаматтар келесі жағдайларда ғана қолданыла алады. Соттан тыс банкроттықты тек банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолданылады. Берешек 5 млн. 500 мың теңгеден (1600 АЕК) аспаса, тіркелген мүлік, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлік жоқ, мерзімі өткен берешек банк арқылы реттеледі, банкроттық жеті жыл бойы қолданылмайды. Соттан тыс банкроттық «электрондық үкімет» веб-порталында тіркеледі. Содан кейін ақпараттық жүйе арқылы борышкердің кіріс критерийлеріне сәйкестігі тұрғысынан мүдделі мемлекеттік және өзге де органдардың деректерін автоматты түрде салыстырылады.

Екінші рәсім – сот банкроттығы 5 млн. 500 мың теңгеден асатын қарыздар бойынша және

басқа да берешек түрлері бойынша жүзеге асады. Рәсімнің мақсаты – банкроттың мүліктік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру. Егер жалғыз тұрғын үй кепіл заты болып табылса, онда кредитор оны қайтарып алуға құқылы. Жалғыз баспана кепіл болмаса, кредиторлар оны талап ете алмайды.

Сонымен қатар, заңда барлық борышкерлер қаржы басқарушыларының қызметтерін төлей алмайтынын назарға ала отырып, мүлкі жоқ, әлеуметтік осал топтарына жататын адамдарға мемлекет есебінен ақы төлеу көзделген.

Үшінші рәсім – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сотта қарыздарды 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігі тұрақты табыс болған жағдайда көзделеді. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі. Бұл процедураның артықшылығы – одан кейін адам «банкрот» мәртебесін алмайды, сондықтан оған банкрот үшін көзделген салдарлар қолданылмайды.

Борышкерлердің әлеуметтік әлеуеті ескерілетін заңда жеңілдіктер болғанымен, банкроттық борышкерлерді босаңсытпайды. Нақтырақ айтқанда, бес жыл ішінде қарыздар мен кредиттер алуға тыйым салынады. Қайта банкроттық жариялау жеті жылдан кейін мүмкін болады, банкроттықтан кейін үш жыл ішінде банкрот деп жарияланған жеке тұлғаның қаржылық жағдайына мониторинг жүргізілетін болады.

Тағы бір ескеретін жайт, алимент бойынша, адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян өтемақылары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залалды өтеу жөніндегі борыштар есептен шығарылмайды, яғни банкроттыққа жатпайды.

«Жол жаққа қараймын...»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кешіккен пойыздың әр сағаты үшін билет құнының үш пайызы мөлшерінде айыппұл төленеді. Пойыз 6 сағаттан артық кешікпесе, мейрамханада тегін тамақ беріледі. Сол сияқты вокзалдардағы тамақтану орындары мен сауда нүктелерінің, санитарлық аймақтардың (дәретханалардың) үздіксіз жұмыс істеуі бақылауда», – деп хабарлады «Қазақстан темір жолы». Қаңтардың 4-5 күндері бірнеше бағыттағы жолаушы пойыздары кешікті. Атап айтқанда, қатарынан екі күн 7 бағытта пойыздар уақытында жүрмеді.

Десек те, жолаушы пойызының белгіленген уақытынан кешігетінін вокзалға келгенде бір-ақ білетіні бар. «SMS хабарлама жіберілді» десе де, ондай хаттың түспегенін жеткізеді кейбір жолаушылар. Осы орайда ҚТЖ-да олқылықтар барын



мойындауы тиіс. Негізі, пойыздың «қонаққа» келгендей «асықпауы» алғаш емес. Қыс түгілі шілдігір шілдеде керіліп-созылып жүріп алатыны да жоқ емес.

Нұрғайын Асқарқызы – жолаушы пойызының көп кешігетіне бірден-бір қуә. Ол пойызбен жиі қатынайтынын, ал пойыздардың уақы-

тынан кешікпейтін кезі аз екенін айтады.

– 30 желтоқсанда Алматыдан шығатын пойызға 2 жарым сағат кешігіп отырдық. Қарағандыға 4 сағат кешігіп түстік. Қарағандыдан Алматыға тағы да 1 жарым сағат кешігіп міндік. Мұның бәрі – жолаушыға кедергі. Уақытын ұрлайды,

жұмысынан қалдырады, – дейді ол.

Ежелден елдің сеніміне кірген бірден-бір көлік ол – осы пойыз. Билет құнының қалтаға сайлығы мен жол жүрудегі жайлылығы арқасында өзге қоғамдық көліктердің көш басында. Бірақ қазіргі кебі «сенімнен шығуға» итермелеп барады. Ауа райы ма, әлде өзге де техникалық себеп бар ма, нақтысы бұқараға беймәлім. Ресми хабарламалар бар ғәп – күннің райында дегеннен танбайды. Күнге кімнің бұйрығы жүрген?! Ал, стратегиялық нысан – шойын жолдың былайша «сыр» беруі мәселелерге тереңірек үңілуді мензейді.

Қазіргі пойыздардың жай-жапсары туралы мәлімет алу үшін ҚТЖ-ның сайтында көрсетілген баспасөз қызметіне телефон соққанымызбен, тұтқаның арғы жағындағы автомат «абонент байланыс аясынан тыс жерде» деп тақылдап тұрып алды...

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлер арасында «Егер тәуекелшіл болмасаңыз, бизнеске тұмсығыңызды сұқпаңыз» дейтін талабы қаталдау қанатты сөз бар. Бизнес еріккеннің ермегі емес. Бұл сала білік пен табандылықты қалайды. Кәсіпкер Арайлым Серікбай жастардың өмір мен ғылымды ұштастыруынан керемет кәсіптік идеялар туындайтынын алға тартады. Өзі биогумус жобасын іске асырып, айтары бар айтулы тұлғаға айналып үлгерді.

– Қазіргі кезде көптеген бизнес трендтер пайда болуда. Бағыт-бағдар беретін мекемелер де баршылық. Мәселен, мен қорғаған биогумус жобасы – ғылыми әдіс арқылы алынған экологиялық таза органикалық тыңайтқыш. Ауыз-екі тілде өсімдіктерге арналған «нан» десек те жарасады. Пайдасы – орасан. Тұқымның өну уақытын қысқартады. Өсімдіктердің өсуі мен гүлденуін тездетеді. Өсімдік

атаулының қолайсыз ауа райына, бактериялық және шірік ауруларға төзімділігін арттырады. Көшеттердің өмір сүруін, гүлдердің онтайлы өсуін, өнімділігін едәуір арттырады. Жоғары экологиялық таза өнім береді. Осы жоба бойынша атаулы грантты ұтып алды да өрісі кеңейді, – дейді кәсіпкер.

Атап өтерлігі, облыстағы кәсіпкер әйелдердің басымдығы да күн санап артып келеді. Іздегенге – сұраған. Кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдерге көмек көрсету орталығы да бар. Қызметтері де тегін. Нәзік жандыларға әрдайым ақпарат, негізгі білім, батыл қадамдар жеткілісіз. Кез келген әйел мұнда хабарласып, сұрақтар мен күмәнданған мәселелерге қатысты қойылған сауалдарына жауап ала алады. Білікті маман тұрақты негізде жұмыс істейді, жұмыс аптасы барысында қабылдайды. Аталған орталықтан кеңес алып, қанаттанған экологиялық брендті ойлап тапқан стилист Алина Қизат-



ты, ерекше баланың анасы Айгүл Көріпжанқызын жарқын мысалдардың қатарына жатқызуға болады.

Облыс бұл бағытта қырағылық танытып келеді. Жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтадық. Мәселен, 6 жарым млрд. теңге кепілдік сомасына 685 бизнес жобасының

кепілдіктері қамтамасыз етілген. 809 млн. теңге сомасына 663 өтеусіз грант берілді. Барлық гранттардың орташа чегі 1,2 млн. теңгеден асады. Қарағанды облысындағы барлық өңірлері осы қолдау құралдарымен қамтылған. Шағын және орта бизнеспен қамтылғандар саны 6%-ға өсті.

Бұл облыстың барлық жұмыспен қамтылған халқының 42%-ы. Бизнесі серік еткендер саны бойынша Қарағанды облысы республика бойынша төртінші орында тұр. Алда Алматы, Астана, Түркістан. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асырудың әсері орасан. Осы жылдың 10 айында ғана облыста тоғыз мыңнан астам жаңа компания қазығын қағып, 29 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылған. Мұның бәрі кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясындағы қаржылық қолдауға қатыстысы ғана. Өңірдегі әлеуметтік ахуал да күн санап жақсарып келеді. Әсіресе, аудандардағы жастар кәсіпкерлігін қолдау әлеуметке жәрдем болуда. Мысалға алсақ, бір ғана Ақтоғай ауданында 8 млн.теңгеге 11 жас кәсіпкер қаржылай қолдау алған. Грант иеленгендердің арасында ағаш ұстасы шеберханасы, кондитерлік цехтар, химиялық тазалау, шлак блоктарын шығару цехы, бірнеше

қоғамдық монша, шағын тігін цехы сынды тың жобалар да жоқ емес. Ынталандыру жақсы-ау. Мәселенің екінші жағы да бар.

– Бізде бүгінде түрлі қолдау гранттарын «ұтып» алып, соңында «қайда жұмсағанын білмей» маңызды қамтып киіп алған жандар паш-етектен. Бұлай кете берсек, жақын болашақта, мұндай әлеуметтік гранттар екі жарым пайызбен шағын несиелеу инструментіне айналып кететіндей. Өйткені, қолдау тетіктеріне не болғандар ақыр соңында кәсібін ашқанымен, дөңгелете алмай жатады. Бизнеске де білікті тұлғалар қажет! Қайталап айтамын, бизнес ырықсыз өздігінен дамуы үшін, құрықсыз басқарылуы қажет. Инновация – заман талабы. Әлқисса, бәріміз бизнес турасындағы әдебиетті бір-бір ақтарып өткендейміз. Бірақ бәріміз бірдей миллионер тұлғаға айналмағанымыз да аян. Бәлкім бірденеге еге болуымыз үшін бірнәрседен күдер үзүіміз қажет пе екен. Өйтеуір, сыры мен қыры санқилы шығырман бір әлем бұл да. Алысты көре білгендер табысты боларына күмән жоқ, – деп қорытты сөзін Қарағанды облысы іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлия Жәңгірова.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң күшіне енгеннен кейін Қазақстанға 1 қыркүйекке дейін кірген шетелдік көліктерді бірыңғай алыммен тіркеп, заңдастыруға болады. Оның көлемі – 200 мың теңге. Қазіргі есепке сәйкес, осы тәртіппен ел аумағында шетелдік тіркеу белгісімен жүрген 300 мыңға жуық автокөлікті есепке қоюға болады. Тіркелетін автокөліктерге үш негізгі талап қойылады. Автокөлік іздеуде болмауы керек; келендік рәсімдеуден өтуі қажет; елге 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген болуы шарт.

Бұған дейін Ішкі істер министрлігі ролі оң жақта орналасқан көліктерді заңдастыруға неге рұқсат берілгені белгілі болған.

– Өрине, ролі оң жақта орналасқан көліктердің жол жүру қауіпсіздігін сақтауда бірқатар өткір мәселелер бар. Не десек те, бұл күнде мұндай көліктерді алып келген Қазақстан азаматтары. Яғни, өзіміздің халық. Қаржылық жағдайы мәз болып тұрған кісілер емес. Олар сол автокөлікті қаржылық тапшылық салдарынан әкеліп отыр ғой. Сондықтан, елдің ахуалына түсіністікпен қарап, оларға бір мезгілдік рұқсат берілейін деп отыр, – деп түсіндірді Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қайсар Сұлтанбаев.

Шетелдік көліктерді заңдастыру алты ай ішінде жүргізіледі. Өтінішті электронды үкімет порталы немесе мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығына барып беруге болады.

Бірақ, бәрі заңда жазылғандай біркелкі емес екен. Қала тұрғыны Мәдина Асылбекқызының көлігін тіркеуге қатысты өзіндік уәжі бар.

– Мен жазда Ресейдің Калининград қаласынан сол елдің тірке-

Көлігіңіз тіркелген бе?



уінде тұрған көлікті алыпсатарлар арқылы сатып алдым. Қызықтың көкесі енді басталады. Заңға Президент қол қойды. Тәртібімен таныса келсек, көлікті рәсімдеу үшін оның алғашқы иесінен сенімхат қажет екен. Жаһанға жар салдық. Бар ақшамызды шашып, иесін тауып алдық. Заңгерлерге жүгіндік. Нотариусқа құжаттарымызды рәсімдеттік. Қысқасы – қып-қызыл шығын. Сонымен не керек, көлікті алыпсатарларға сатқан иесі былай дейді. Олар көлікпен жүргенінде айыппұл аркалаған. Бірақ, айыппұлдың барлығы көліктің заңды иесіне келген. Бізге қойған шарты: сол айыппұлдарды толығымен өтеу керек екенбіз. Мәсаған, безгелдек! Әйтпесе, сенімхатты бермейді. Осындай шығаланға батып отырған жандар – әлгі сіздер тіркемек көлік нөпірінің 90 пайызы!

Қарағанды облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінің жетекшісі Бақытжан Құдияр мырзаның айтар тоқтамы қысқа. Көлік біткен заң негізінде тіркелу

қажет. Тіркелмеген жағдайда ол жарамсыз темірге айналып кете барады. Әлбетте, «ауада» жүрген темір тұлпарларға қатысты тазарту жұмыстарының бір парасы екендігін мойындайтын мезгіл жеткендей. Белгілі автосарапшы Олжас Оқас мұны «бас ауырғанда басатын дәрмекке» теңейді. Оның ойынша, ертелі-кеш елімізді еркін кезіп жүрген «қанбақ көліктерді» тәртіпке салу әрқашан маңызды. Сондықтан, келіссеніз де, келіспесеніз де талап осындай.

Хош. Бастапқыда шенеуніктер мен полиция заңдастыруды 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастауды жоспарлады. Ол үшін нақты белгіленген мерзімдері бар Үкіметтің арнайы Қаулысының жобасы дайындалды. Бірақ, құжатта оның кейбір тармақтарының отандық заңнамамен алшақтығы анықталды. Осы мәселемен сенаторлардың бірі полициягерлерге жүгінгеннен кейін «Жол қозғалысы туралы» заңға шұғыл өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды.

4 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті тарапынан ел аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркеу үшін алым мөлшерлемесін қолданудың қағидалары, шарттары мен мерзімдерінің жаңа жобасын шығарды. Оны 18 қаңтарға дейін талқылау жоспарлануда...

Талқылаудан кейін ережелер жобасын бекіту, қол қою және жариялау қажет болады. Осылайша, барлық үдерістерді ескере отырып, заңдастыру болжаммен қаңтар айының соңында не тіпті ақпанда басталуы мүмкін. Ресми билік бұған дейін қосымша заң актілерін қабылдауға шешім қабылдауы айтпаса да түсінікті.

Бірақ нақты заңдар мен ережелер қабылданбаса, елде шетелдік есепке алынған автомобильдерді заңдастыру басталмайды...

Ақтен Жәнібекқызы ҚАБАЕВА

Ақтен Жәнібекқызы Қабаева, 15 мамыр 1936 жылы бұрынғы Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Шиелі ауылында дүниеге келген. Анасы Гүлсім шешей алты құрсак көтерген кісі. Балалардың үлкені Ақтен Жәнібекқызы. 1950 жылдардың ортасында Степняк орта мектебін үздік бітіріп, Қарағанды медицина институтының емдеу факультетінің бірінші курсына оқуға түсіп, 1960 жылы аталған институтты үздік бітіреді.



Институтта оқып жүрген кезінде отағасы Шакемнен кездесіп отбасын құрады. Бұл жерде, марқұм Шалғымбай ағамыз туралы айтып өту керек: Шалғымбай Қабаев, медицина ғалымдарының кандидаты, медицина профессоры, Қарағанды өңіріне белгілі ғалым, бар ғұмырын медицинаға арнаған адам, республикадағы жалғыз кәсіби ауруларды зерттейтін институттың алғаш қабырғасын қалаушы және сол институтта лаборатория меңгерушісінен бастап, директордың ғылым жөніндегі орынбасары болған.

Ақтен Жәнібекқызы да бар ғұмырын медицина саласына арнаған адам, елу жылдан аса Қарағанды мемлекеттік университетінің «Балалардың жұқпалы аурулар» кафедрасында қызмет істеді, бала емдеді, шәкірт тәрбиеледі, медицина ғалымдарының кандидаты, доцент, денсаулық сақтау саласының үздігі, жоғарғы санаттағы дәрігер. Өмірінің соңғы уақытына дейін де денсаулық саласынан ұзаған жоқ, студенттерге дәріс береді, лекция оқыды. Зейнеткер болса да, балалар ауруханасында консультант ретінде балалар өміріне арашашы болды.

Жалпы, бұл отбасы – дәрігерлер династиясы. Үлкен қыздары – Сәуле, Қарағанды медицина институтының санитарлық гигиена факультетін тәмамдап, қазіргі уақытта Алматы медицина институтында мұғалім. Кіші қыздары – Гүлнар, Қарағанды медицина институтының емдеу факультетін үздік бітіріп, ол да медицина саласында еңбек етуде. Тек, кенже ұлдары Қуаныш қана – экономика маманы.

Ақтен Жәнібекқызы, Димаш, Зарина, Олжас, Даниса, Алина, Аделялардың әжесі, ал шөберелері – Даниял мен Даминаның үлкен әжелері.

Ақтен Жәнібекқызы бақытты ана, әже, білікті дәрігер, ұлағатты ұстаз. Бауырмал туыс болды.

Ақтен Жәнібекқызы, өткен жылдың желтоқсан айында дүниеден озды.

P.S. 40 күндік асы 22.01.2023 жылы сағат 12:00-де «Түркістан» мейрамханасының кіші залында беріледі.

№4

Еске алу

Адамның өмірінде «дос, құрбы, кластас» деген ұғым бар. Балалық шақ, мектеп, студенттік кезең қайсыбірімізге достар ұсына білді. Бір досына сырынды ақтарсан, енді біреуімен рухани дүниенді байытасын.



Осының ішінде балалықтан қалған достың орны бөлек екен. Сондай достардың бірі – **Меруерт Тілеужанқызы БИГАРАШЕВА**, қиялшыл, арманшыл жан еді. 2023 жылдың 11 қаңтарында 50 жасын тойлар еді.

Төменде құрбымызды сағынышпен еске алып, төмендегі өлеңді жариялап отырмыз.

Жан Досымыз! Қимас құрбы белестесін,
Көкіректің төрінде елестесін.
Ұмытпаймыз өмір бойы бейнеңді біз,
Мекенің Жұмақ болсын Ардақтымыз!

Еске алушылар: **сыныптастары, достары.**

№2

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru



● ЕҢБЕК АДАМЫ

Егіндібұлақтағы электр маманы

Күнделікті өмірде ең қажет маманның бірі электрлік. Электр желілері үзіліп немесе өзге ақау шыққанда ауыл халқына көмекке келетін маманның бірі – Серғазы Мәжитов.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол Егіндібұлақ ауылындағы электр желісі мекемесінің аға диспетчері. Алғаш еңбек жолын 1984 жылы электр маманы болып бастаған. Еңбекқорлығы мен іскерлігі арқасында 4-ші дәрежелі кәсіби маман атанады. Өзіне жауапкершілікпен қарағандықтан участок басшысы, бас инженер, жеңер басшысы қызметіне көтерілді.

Уақытпен санаспай, жемісті еңбек етіп жүрген Серғазы Мәжитов өңірге жоғары кернеулі

электр желілері арқылы келетін тоқ күшінің жан-жаққа бірдей таралуын қамтамасыз етіп отыр. Түрлі оқыс оқиғалардан туындайтын желілердің үзілуі, бағандардың құлауы, КТП-лардағы авариялық жағдайларды, тоқ реттегіш трансформаторларды тексеру, қалпына келтіруде қалтқысыз қызмет көрсетуде. Жақында, еселі еңбегі еленіп, Қазақстан энергетиктері қауымдастығы одағының «Ардагер энергетик» төсбелгісімен марапатталды.



● ЗАҢ ТАЛАБЫ

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында облыс аумағында мереке және демалыс кездерінде алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Соның бірі – облыстық полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы ұйымдастырған экскурсия.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараның негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық фактілерін анықтау, сондай-ақ, құқықтық сауаттылықтарын да қалыптастыру. Полиция қызметкерлерінің міндетіне балаларға отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды насихаттап, азаматтардың ішкі істер органдарына сенімін арттыру, полиция жұмысымен таныстыру және қауіпсіздік

Бала құқығын білген абзал



шараларына үйрету де кіргенін айту керек.

Экскурсия барысында Жергілікті полиция қызметі басқармасы қыдыр зметкерлері облыс орталығындағы №44 және №16 орта мектептің 9-10 сынып оқушыларымен бірге уақыт-

ша ұстау изоляторына, орталық жедел басқармасына және облыстық полиция департаментінің мұражайына барып, балалардың құқықтық сауаттылықтарын арттырумен қатар, қиындығы мол полиция жұмысының барысымен де таныстырды.



Көркемсурет мектебінен – ЮНЕСКО клубына



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бізде қаладағы барлық мектептен 6-17 жас аралығындағы 432 бала оқиды. Аптаның алты күнінде сабақтан тыс уақытта жас ерекшеліктеріне қарай төрт топқа бөлініп, екі ауысымда 40 минуттық сабаққа қатысады. Оқушыларға 19 педагог кескіндеме, қолданбалы декоративтік өнер, пейзаж, сурет өнерінің басқа да жанрларынан дәріс береді. Сондай-ақ, балалар мүсін жасауға, тоқыма тоқуға да машықтанады. Оларға 9-сыныпты аяқтаған соң куәлік беріліп, сүйікті ісін әрі жалғастыруға да жол ашылады, – дейді мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Бақыт Рақымберлина.

Көркемсурет мектебінің балаларға арналған бағдарламасы міндетті түрде композиция заңдары мен тәсілдерін игертуді, екі және үш өлшемді кеңістікті беруді, түс, сызықтар, контраст тәрізді бейнелеу құралдарын оқытып-үйретуді көздейді. Осыдан кейін оқушылар өздеріне беймәлім көркемдік әдістерді меңгеріп, сурет салумен айналысып, көлем мен штрих түсінігін таниды. Мектептің педагогикалық ұжымы балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын оятып, қабілетін ашуға көмектеседі.



Бұл өнер мекемесі 2007 жылы Қарағанды облысы бойынша бірінші болып ЮНЕСКО клубы мәртебесін алған. Соның нәтижесінде мұндағы жас суретшілер ЮНЕСКО-ның «Балалар әлемнің суретін салады» жобасы аясында балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының халықаралық және республикалық

байқауларына үнемі қатысып жүр. Байқауларға жолданған суреттері арқылы балалар бір-біріне өз елінің тарихы, мәдениеті, табиғаты мен адамдарын көрсетуге мүмкіндік алады. Мәдени қарым-қатынас орнатудың бұл түрі өскелең ұрпақ үшін маңызды және еліміздің халықаралық қатынастарын нығайтып, бекіте түседі.

Мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытуда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарих факультетімен әлеуметтік әріптестік орнаған. Жас суретшілер археологиялық және этнографиялық экспедицияларға қатысып, өздеріне керек материалдар жинайды. Сонымен қатар, көркемсурет мектебі осы университеттегі бейнелеу

-мен бірлескен «Өнер қалашығы» облыстық жобасы да жүзеге асырылуда.

Өткен жылдың 4 ақпанында осы мектеп оқушылары арасында ЮНЕСКО-ның «Тұрақты даму мүддесіндегі әріптестік» бағдарламасы шеңберінде Үндістанның Нью-Дели қаласы мен Қарағанды облысы бойынша ЮНЕСКО клубтары Қазақстан Ұлттық Федерациясы аймақтық өкілдігінің ынтасы бойынша «Туған өлкенің тарихы мен мәдениеті» тақырыбында бейне-көпір ұйымдастырылған. Мұндай бейне-көпір осы елдер өскелең ұрпағының өлкетану саласындағы ғылыми-зерттеу және ізденіс ісіне құлшынысын арттырып, дамытып, қазақстандық патриотизм арқылы ұлтаралық өзара іс-қимылды нығайтуға серпін береді.

Сондай-ақ, өзара пайдалы тақырыптар бойынша «Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі» КММ арада қол қойылған меморандумда сондағы «Архитектура», «Декоративтік қолданбалы өнер», «Интерьер дизайны, азаматтық ғимараттардың реставрациясы мен реконструкциясы» мамандықтарымен байланыс жасап, дамытуды да көздейді.

Көркемсурет мектебі оқушыларының мұражайларға экскурсиясы мен ҚарУ тарих факультетінің археологиялық экспедициялары құрамында Қарқаралыға, Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Бүргілің сапарларындағы пленэрлері әріптестік қарым-қатынастарды нығайтып, олардың жаңа деңгейге шығуына жол ашады.

Педагогтердің шеберлігі мен дарынды оқушылар арқасында бұл мектеп шығармашылық даму үстінде. Олар Қарағанды облысы ғана емес, елімізден сырт жерлерде де сан конкурстарда жүлдеге ие болып, дипломант атанды.

Құрылғаннан бергі уақытта мектеп 800-ден аса түлекті шығармашылық әлемге қанаттандырыпты. Соның ішінде 100-ден астам түлек тағдырын көркем шығармашылықпен байланыстырды. Олардың көпшілігі еліміз бен Ресейде, Германияда суретші, архитектор, дизайнер, сурет пәні ұғалімі болып еңбек етеді. Әрі осы жердегі мұғалімдердің көбі кезінде біз айтып отырған мектепте оқып, бітірген.

Қарапайым Көркемсурет мектебінен әлемдік ЮНЕСКО-ның клубына айналған білім ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігі осындай.

ШАХТИНСК

• КӨРМЕ

Сыйлықтар көрмесі

Облыстық бейнелеу өнері музейінде «Шын жүректен сияпат» көрмесі ашылды. Көрмеде 2021-2022 жылдары мұражайға сыйға берілген өнер туындылары мен олардың авторлары хақында деректермен танысуға болады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



– 2021 жылы мұражай әкімшілігі мен жоба жетекшісі Лидия Дроздованың қолдауымен алматылық һәм астаналық суретшілердің «Қайда, қайда, Қарағандыда» көрмесі өткен. Онда шараға қатысқан 17 автор қорға өз жұмыстарын сыйға тартқан. Былтыр Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына арналған «Қыран қанатты Қасым» көрме-байқауынан кейін жеңімпаз суретшілер де жұмыстарын сыйлаған. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған және Мәдениет порталы ұйымдастырған «Сөз бен сурет» республикалық байқауының қорытындысында Сәкен театрының фойесіне көрме қойылған. Байқау шартына сай музей қоры шебер суретшілердің түрлі картинасымен толықтырылды, – дейді мұражай мамандары.

Бұдан бөлек, 2022 жыл да сыйлықтарға толы болған. Қала тұрғындары жақындарын еске алу үшін мұражайға ең қымбат заттарды тапсырыпты. Осылайша, музей қоры репрессияға ұшыраған суретші Виктор Козловтың, Роберт Грабенің жұмыстарымен толыққанын атап өткен жөн.

Балтық бойының қылқалам шебері Валентин Даниленко мұражайға өзінің литографиялық парақтарымен бірге, басқа жерлес суретшілерінің графикалық туындыларын сыйға тартқан еді.

Астаналық суретшілер Динара Нүгер мен Гүлнар Ұрысбаева да өз жұмыстарының Қарағандыда тұруын қалаған.

Бұл көрме 15 қаңтарға дейін жалғаспақ.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Үздік күйші атанды

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» Жастар қанатының ұйымдастыруымен «Қасиетті домбыра» республикалық байқауы өткен. Кенді аймақтың намысын Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенті Нұрзат Дарыбеков қорғап, «Ең үздік күйші» (шерпне күй) аталымында I орынды жеңіп алды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Домбыра аспабының қадір-қасиетін арттыру, жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін ояту мақсатында өткізіліп келе жатқан байқауда жеңіске жетіп, облыс өнерпаздарының мерейін тасытқан жас күйшіні «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков арнайы шақырып, диплом мен сыйлық табыс етті.

– «AMANAT» партиясы үнемі қазақтың төл өнеріне жанашырлық жасап, насихаттап келеді. Атап айтсақ, «Алтын домбыра» айтысы арқылы айтыс өнері кеңінен насихатталып, жас

таланттарға жол ашылуда. «Қасиетті домбыра» республикалық байқауы да қазақтың күй өнерінің жоғын түгендеп, жас дарындыларды қолдауға арналған. Осы байқауда жарқырап көрініп, облыстың намысын қорғап, I орын алғаны үшін бек ризамыз. Шын жүректен құттықтаймыз. Аққыз анамыздай біртуар күйші бол, – деді Бекзат Қомарұлы.

Айта кетейік, жуырда ғана Алатау бөктерінен Мадияр Сүлейменов олжалы оралған еді. Нұрзат Дарыбеков те Арқа күйшілік өнерінің асқақ рухын барша қазақ баласына көрсете білді.

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» көш бастап келеді

Хоккейден ел чемпионатының кезекті турында қарағандылық «Сарыарқа» клубы сырт алаңда ақтөбелік «Құлагер» клубын 3:4 есебімен жеңді.

Алғашқы тайм жерлестер үшін қиын болмаған сынайлы. Ойынның 2-ші минутында есеп ашып, алғашықты. Гол авторы – Захар Пархоменко. Алайда, қарсыластар араға бес минут салып, таразы басын теңестірді. Никита Потапов өзіне берілген мүмкіндікті мұлт жібермеді. Десе де, «Сарыарқалықтар» қатарынан екі гол салып, есепті еселеп кетті. Гол авторлары – Руслан Демин (15-ші минут), Игнат Холькин (17-ші минут).

Екінші кезеңде «Құлагер» шабуылшысы Владимир Волков қана есеп ашты. 22-ші минутта қақпаға бағыттаған соққысы дөп кіріп, есеп алшақтығын қысқартты. Ал, үшінші кезеңде қарсылас команда қорғаушысы Егор Наместников әріптесі Никита Потаповтың берген пасын қақпаға бағыттап, таразы басын теңестірді. Алайда, ойынның аяқталуына сәл қалғанда сарыарқалық шабуылшы Константин Двуреченскийдің соққысы қақпадан табылып, команданы жеңіске жеткізді.



Әлем чемпионаты Қазақстанда өте ме?

Норвегияның шайбалы хоккей федерациясы 2027 жылғы шайбалы хоккейден әлем чемпионатын өткізуге берген өтінімін ресми түрде қайтарып алды. Енді Қазақстан мен Германия елдері шайбалы хоккейден әлем чемпионатын өткізу құқығына таласады.

Норвегия Федерациясының басшысы Таге Петтерсен үкіметтің бас тартуынан көңілі қалғанын айтты. Ал, қабылдаушы елді анықтау үшін дауыс беру 2023 жылдың мамыр айында өтеді.

Еске сала кетсек, 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық шайбалы хоккей федерациясының президенті Люк Тардифке 2027 жылы әлем чемпионатын Қазақстанда өткізуді ұсынған еді.

• БОКС

Құрама команда сақадай-сай

16-27 қаңтар аралығында Тайланд астанасы Бангкок қаласында 9-22 жас аралығындағы жастар арасында бокстан Азия біріншілігі (U-22) өтеді. Бүгінде турнирге қатысатын Қазақстан құрамасының мүшелері анықталды. Ерлер құрамасы 13 келі салмақ дәрежесінде, әйелдер құрамасы 12 келі салмақ дәрежесінде сынға түседі.



Ерлер құрама командасының сапынан Санжар Тәшкенбай 48 келі салмақта жұлдырықтасады. Даниял Сәбит – 51 келіде, Нұрсұлтан Алтынбек – 54, Махмұд Сабырхан – 57, Талғат Сырымбетов – 60, Мұхаммедсабыр Базарбайұлы – 63,5, Абзал Серік – 67, Сабыржан Аққалыков – 71, Диас Молжігітов – 75, Ерасыл Жапиев – 80, Сағындық Тоғамбай – 86, Ерхат Бекзат – 92, Аманат Сабырғали +92 келіде қолғап түйістіреді.

Ал, әйелдер құрамасының сапында Анель Құдайберген – 48 келіде шаршы алаңға көтеріледі. Мәдір Тойкова – 50, Жансая Рахымберді – 52, Анель Сақыш – 54, Виктория Графеева – 57, Шахназ Исаева – 60, Назерке Серік – 63, Ақнар Ишанова – 66, Жасмин Кизатова – 70, Дана Дидай – 75, Гүлсая Ержан – 81, Елдана Талипова +81 келі салмақ дәрежесінде бақ сынайды.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa Aqaragat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№3 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНАТ**